

"Көмірдің және оны өндірудің, қайта өңдеудің, сақтаудың және тасымалдаудың өндірістік үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 шілдедегі № 731 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1317 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Көмірдің және оны өндірудің, қайта өңдеудің, сақтаудың және тасымалдаудың өндірістік үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 шілдедегі № 731 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 43, 393-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Көмірдің және оны өндірудің, қайта өңдеудің, сақтаудың және тасымалдаудың өндірістік процестерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінде:

«Техникалық регламенттің күшіне ену мерзімдері және шарттары» деген 7-бөлімде:

100 - тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген Техникалық регламентке 2-қосымшада:

«Көмірдің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштердің нормалары» деген кестеде: реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1. Ад күлділігі, %, артық емес	45,0
--------------------------------	------

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов